

**2019 ЖЫЛҒЫ
«ҚАЗПОЧТА» АҚ
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
АУДИТ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕР КОМИТЕТІНІҢ
ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ
ЕСЕП**

Астана қ., 2020 жыл

**2019 жылғы «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер
комитетінің қызметі туралы
ЕСЕП**

1. Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетінің қызметін ұйымдастыру

Осы 2019 жылғы «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетінің (әрі қарай – Комитет) қызметі туралы есеп 27 мамыр 2015 жылғы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» Басқармасы бекіткен «Қазпочта» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне және 24 қазан 2019 жылғы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (№10/19 хаттамасы) бекітілген «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитеті туралы ережелеріне сәйкес, сондай-ақ қазақстандық халықаралық компанияларға қатысты корпоративтік басқаруға қолданылатын ұсыныстарды және үздік тәжірибені ескеріп дайындалды.

2019 жылы «Қазпочта» АҚ корпоративтік басқаруын жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес және Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістерге байланысты Комитеттің Ережелеріне корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес оларды көкейкестендіру бөлігінде өзгерістер және толықтырулар енгізілді.

Комитет Қоғамның Директорлар кеңесіне толығымен есепті болады және өзінің қызметін 24 қазан 2019 жылғы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (№10/19 хаттамасы) бекітілген «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитеті туралы ережелеріне сәйкес іске асырады.

Комитеттің қызметінің мақсаты мынандай сұрақтар бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің сапасын арттыру болып табылады:

- 1) Қоғамның қаржылық қызметіне (соның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығына, деректілігіне және сапасына) бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу;
- 2) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігін және тиімділігін қамтамасыз ету;
- 3) сыртқы және ішкі аудит процесінің тәуелсіздігін және тиімділігін бақылау;
- 4) Қоғамда корпоративтік басқаруды жетілдіру;
- 5) тұрақты даму саласында тәуекелдерді, қаржылық емес ақпараттың және есептіліктің сапасын бақылау;
- 6) Комитеттің немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің Комитетте қарауға ұсынылған өзге де сұрақтар.

Аудит және тәуекелдер комитеті Қоғамның қаржылық есептілік процесінің тиімділігін, тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және есепке алу процедураларын және ішкі бақылауды талдау үшін жауапты болады. Комитет сондай-ақ Қоғамның қаржылық ақпаратының және шоғырландырылған қаржылық есептіліктерінің сапасын бақылайды, аудит сұрақтары бойынша сыртқы аудиторлармен әрекет жасайды, сонымен бірге Қоғамның Ішкі аудит қызметінің және Комплаенс бақылау қызметінің жұмысының рөлі мен тиімділігін бақылайды.

Қоғамның Жарғысына сәйкес Комитеттің сандық құрамын, құзыреттер мерзімін белгілеу, оның Төрағасын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың құзыреттерін мерзімнен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыреттеріне жатады. № 25/18 2018 жылдың 3 қыркүйектегі «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма Шешімімен «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің қазіргі құрамы сайланды.

2018 жылдың 6 қыркүйегінен бастап Комитеттің Төрағасы болып Қоғамның тәуелсіз директоры Жуков Дмитрий Николаевич сайланды, бұл корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибесі болып табылады.

2019 жылы Комитеттің құрамы келесідегідей өзгертілді:

2019 жылдың 27 маусымына дейін болған Комитеттің құрамы (2018 жылдың 6 қыркүйегіндегі «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің №08/18 шешімі):

Аудит комитетінің құрамы			
№	Т.А.Ә.	Қызметі	Бастап Комитеттің мүшесі:
1	Дмитрий Жуков	«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетінің төрағасы – «Қазпочта» АҚ тәуелсіз директоры;	2018 жылдың 6 қыркүйегінен бастап қазіргі уақытқа дейін
2	Марк Хьюз	«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетінің мүшесі – «Қазпочта» АҚ тәуелсіз директоры;	2018 жылдың 6 қыркүйегінен бастап қазіргі уақытқа дейін
3	Кирюхин Олег	«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетінің мүшесі – «Қазпочта» АҚ тәуелсіз директоры;	2018 жылдың 6 қыркүйегінен бастап қазіргі уақытқа дейін
4	Малика Капарова	«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетінің сарапшысы – «Самұрық-Қазына» АҚ Ішкі аудит қызметінің басшысы.	2018 жылдың 6 қыркүйегінен бастап 2019 жылдың 27 маусымына дейін

2019 жылдың 2 сәуір күні Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 241-VI Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» № 415-II Заңының 53-1 бабының 3 тармағы мынандай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылды: «Ішкі аудит мәселелері бойынша комитет тек Директорлар кеңесінің мүшелерінен ғана тұруы тиіс».

Сондықтан 2019 жылдың 27 маусымында (№ 06/19 хаттамасы) Қоғамның Директорлар кеңесі Комитеттің сарапшысы М.С. Капарованың құзыреттерін тоқтатып, Комитет туралы Ережелерге тиісті өзгерістерді енгізді. Комитет жоғары білікті маман болып табылатын, Комитеттің жұмысының тиімділігін арттыруына болысатын қажетті кәсіби білімдерге ие М.С. Капарованың жұмысын жағымды жағынан бағалағандықтан, Комитет Комитеттің отырыстарында шақырылған тұлға ретінде М.С. Капарованың қатысуын мақұлдады.

Аудит және тәуекелдер комитетінің құрамы (01.01.2019ж. жай-күйі бойынша)

Аудит комитетінің құрамы			
№	Т.А.Ә.	Қызметі	Бастап Комитеттің мүшесі:
1	Дмитрий Жуков	«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетінің төрағасы – «Қазпочта» АҚ тәуелсіз директоры;	2018 жылдың 6 қыркүйегінен бастап қазіргі уақытқа дейін
2	Марк Хьюз	«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетінің	2018 жылдың 6 қыркүйегінен

		мүшесі – «Қазпочта» АҚ тәуелсіз директоры;	бастап қазіргі уақытқа дейін
3	Кирюхин Олег	«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетінің мүшесі – «Қазпочта» АҚ тәуелсіз директоры;	2018 жылдың 6 қыркүйегінен бастап қазіргі уақытқа дейін

2019 жылғы Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетінің қызметі.

2018 жылдың 6 желтоқсанында Комитет 2019 жылға Жұмыстар жоспарын бекітті.

2019 жылы Комитет отырыстардың күн тәртіптеріне сәйкес 8 бетпе-бет отырыстарды өткізді. Комитет 73 сұрақты қарастырып, Қоғамның Директорлар кеңесінің тиісті ұсыныстары берілді. Есептік кезең ішінде Комитеттің отырыстарында Комитеттің құзыретіне кіретін қызметтің барлық мәселелері қарастырылды.

Қаржылық есептілік мәселелері бойынша Комитет келесі сұрақтар талқыланды және қарастырылды, сондай-ақ олар бойынша ұсыныстар берілді:

1. 2018 жылғы «Қазпочта» АҚ алдын-ала жылдық шоғырланған қаржылық есептілігін қарастыру туралы (сыртқы аудиторлармен кездесу);
2. 2018 жылғы «Қазпочта» АҚ Жылдық қаржылық есептілікті алдын-ала бекіту туралы;
3. 2019 жылдың 6 айы үшін қаржылық есептілікке шолу жасауды қарастыру туралы (сыртқы аудиторлармен кездесу).
4. Сыртқы аудиторлармен аудиттік жоспарлау сұрақтары бойынша кездесу;
5. 2019 жылдың бірінші жартыжылдығы үшін «Қазпочта» АҚ қаржылық есептіліктің процесін бағалау есебін қарастыру туралы.

Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сұрақтары бойынша келесі сұрақтар талқыланды және қарастырылды, сондай-ақ олар бойынша ұсыныстар берілді:

1. 2018 жылға «Қазпочта» АҚ ішкі бақылау жүйесін және тәуекелдерді басқару жүйесінің талдамасы бойынша «Қазпочта» АҚ Ішкі аудит қызметінің қорытындысын қарастыру туралы;
2. «Қазпочта» АҚ 2019 жылға қаржылық тұрақтылық коэффициенттерінің мәндері бойынша тиістә тәуекел аймағына белгілеу туралы;
3. АТ жүйелерінің жұмысқа қабілетсіздік тәуекелін, сондай-ақ деректерді қолданумен байланысты тәуекелдерді қарастыру туралы;
4. «Қазпочта» АҚ қызметінің үздіксіздігін басқару саясатын алдын ала қарастыру туралы;
5. «Қазпочта» АҚ қызметінің үздіксіздігін басқару саясатын бекіту туралы;
6. «Қазпочта» АҚ ішкі бақылау жүйесі туралы саясатын бекіту туралы;
7. 2020 жылға «Қазпочта» АҚ тәуекелдер санаттары бойынша бөлшектеп байланыстыруымен ақшалай тәуекел тәбетін, тәуекел тәбеті туралы сапалық мәлімдемелерді бекіту туралы;
8. 2019 жылдың есептік мерзімдері бойынша «Қазпочта» АҚ тәуекелдер туралы есептерді бекіту туралы.

Сыртқы аудит мәселелері бойынша.

2019 жылы Комитет жылдық қаржылық есептілікті дайындау мәселелері бойынша және аудиттік жоспарлау мәселелері бойынша сыртқы аудиторлармен (төрт) кездесулерді өткізді.

1. 2018 жылға «Қазпочта» АҚ алдын ала жылдық шоғырланған қаржылық есептілікті қарастыру туралы (сыртқы аудиторлармен кездесу);

2. 2018 жылға «Қазпочта» АҚ Жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту туралы;

3. 2019 жылдың 6 айы бойынша қаржылық есептілікке шолуды қарастыру туралы (сыртқы аудиторлармен кездесу).

4. Аудиттік жоспарлау мәселелері бойынша сыртқы аудиторлармен кездесу;

5. 2014-2018 жылдарға «КПМГ Аудит» ЖШС 2014-2018 жылдары бойынша жылдық қаржылық есептіліктің аудитінің нәтижелері бойынша ұсыныстар бойынша іс-шаралар жоспарын атқару туралы тоқсан сайынғы есептерді қарастыру туралы.

2019 жылы Комитет «2020-2022 жылдар ішінде «Қазпочта» АҚ қаржылық есептілігінің аудитін өткізу үшін аудиттік ұйымды таңдау бойынша Тапсырыс берушінің Комиссиясының құрамын бекіту туралы» сұрағын қарастырды. 2019 жылдың 1 қазанынан бастап 2020 жылдың 31 наурызына дейінгі аралықта Қоғам 2020-2022 жылдарға қаржылық есептіліктің аудит қызметтерін көрсету үшін аудиттік ұйымды таңдау процедураларын өткізу керек болғандықтан, осы сұрақ қарастырылды.

Аудиттік жоспарлау мәселелері бойынша сыртқы аудиторлармен кездесу қосымша түрде өткізілді. Сондай-ақ Комитет жылына бір реттен кем емес атқарушы басшылықтың қатысуынсыз сыртқы аудиторлармен кездесу өткізіліп отырады.

Ішкі аудит мәселелері бойынша Комитет келесі сұрақтарды егжей-тегжейлі қарастырды:

1. «Қазпочта» АҚ Ішкі аудит қызметінің қызметі туралы есепті қарастыру туралы (соның ішінде 2018 жылдың 4-ші тоқсанының және жалпы 2018 жылдың қорытындылары бойынша, 2019 жылдың 1-ші тоқсанының қорытындылары бойынша, 2019 жылдың 2-ші тоқсанының қорытындылары бойынша, 2019 жылдың 3-ші тоқсанының қорытындылары бойынша, сондай-ақ «Қазпочта» АҚ Ішкі аудит қызметінің қызметін бағалау туралы аудиттік есептерді қоса);

2. Ішкі аудит қызметінің ұсыныстарын орындауының мониторингі туралы (2019 жылдың 1 қаңтарға, 1 сәуірге, 1 шілдеге, 1 қазанға жай-күйі бойынша);

3. 2018-2020 жылдарға «Қазпочта» АҚ Ішкі аудит қызметінің Даму стратегиясын бекіту туралы;

4. «Қазпочта» АҚ Ішкі аудит қызметінің кадрлық сұрақтары туралы;

5. 2019 жылға «Қазпочта» АҚ Ішкі аудит қызметінің Жылдық аудиттік жоспарына өзгерістерді және толықтыруларды енгізу туралы;

6. 2020 жылға «Қазпочта» АҚ Ішкі аудит қызметінің Жылдық аудиттік жоспарын бекіту туралы;

7. 2020 жылға «Қазпочта» АҚ Ішкі аудит қызметінің және оның басшысының Қызметінің негізгі көрсеткіштерінің картасын бекіту туралы.

2019 жылдың басынан Комитет ***комплаенс бақылау сұрақтарына*** ерекше назарын аударды. 2019 жылы Комитет Комплаенс бақылау қызметінде жұмыс істеу үшін компланес бақылау қызметінің басшысы мен жұмыскері қызметтеріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетін үміткерлермен сұхбаттарды өткізді.

2019 жылдың бойында комплаенс бақылау мәселелері бойынша Комитет келесі сұрақтарды қарастырды:

1. «Қазпочта» АҚ Комплаенс бақылау қызметінің кадрлық сұрақтары туралы;

2. 2019 жылдың 4-ші тоқсанына және 2020 жылға «Қазпочта» АҚ Комплаенс бақылау қызметінің Жұмыс жоспарын бекіту туралы;

3. 2020 жылға «Қазпочта» АҚ Комплаенс бақылау қызметінің жұмыскерлер қызметінің негізгі көрсеткіштерінің картасын бекіту туралы.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша Комитет келесі сұрақтарды қарастырды:

1. 2018 жылға «Қазпочта» АҚ Жылдық есебін бекіту туралы;
2. «Қазпочта» АҚ Тұрақты дамуы туралы есепті қарастыру туралы;
3. «Қазпочта» АҚ корпоративті басқаруын жетілдіру аясында өткізілген іс-шаралардың мәртебесі бойынша есептерді қарастыру туралы және 2019-2025 жылдарға корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарын мақұлдау туралы;
4. 2019 жылдың 1-ші жартыжылдық үшін 2019-2025 жылдарға «Қазпочта» АҚ корпоративтік басқаруын жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарын атқару туралы есепті қарастыру туралы;
5. 2018 жылдың алты айының қорытындылары бойынша «Қазпочта» АҚ Тұрақты дамуы туралы есепті қарастыру туралы.

2019 жылдың 11 желтоқсан күні «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері және Басқарма мүшелері үшін «Корпоративтік басқару және тұрақты даму» тақырыбына оқыту семинарын өткізді. Комитеттің мүшелері жоғарыда көрсетілген семинарға қатысып, сертификаттарын алды.

Комитет мүшелері тоқсан сайынғы және жартыжылдық есептерді қарастырды:

1. «Қазпочта» АҚ жемқорлықты алдын алу және алаяқтыққа қарсы әрекеттер бойынша есепті қарастыру туралы;
2. Бұзушылықтарды талдауды және оларды жою шараларын қоса, Өткізген тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің сатып алуы бойынша есепті қарастыру туралы;
3. «Қазпочта» АҚ құнды қағаздар қоржыны туралы есепті қарастыру туралы;
4. «Қазпочта» АҚ жасалуында қызығушылық бар мәмілелер туралы, сондай-ақ «Қазпочта» АҚ ерекше қарым-қатынастармен байланысты тұлғалармен мәмілелер туралы ақпаратты қарастыру туралы.

Сондай-ақ Комитеттің 2019 жылғы отырыстарында келесі **ішкі нормативтік құжаттардың** бекітілгенін атап өту керек:

1. Коммерциялық құпияны құрайтын «Қазпочта» АҚ ақпаратын анықтау және қорғау туралы жаңа редакциядағы ережелер;
2. Контрагент банктермен белсенді операцияларға лимиттерді белгілеу ережелері;
3. «Қазпочта» АҚ қызметінің үздіксіздігін басқару саясаты;
4. «Қазпочта» АҚ-да Қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстауына) және лаңкестік әрекеттерді қаржыландыруға қарсы әрекеттерді жасау мақсатында Ішкі бақылау ережелеріне өзгерістер және толықтырулар;
5. «Қазпочта» АҚ ішкі бақылау жүйесі туралы саясат;
6. «Қазпочта» АҚ уақытша бос ақшаны инвестициялау және «Қазпочта» АҚ қоржынының негізгі параметрлері саясаты;
7. «Қазпочта» АҚ Басқарма туралы ережелеріне толықтырулар;
8. «Қазпочта» АҚ инсайдерлік ақпаратты басқару және қолдануды ішкі бақылау ережелері.

2019 жылы қосымша Комитет келесі сұрақты қарастырды:

1. Сатып алулар саласындағы тексерістердің нәтижелерін қарастыру туралы;
2. Контрагент банктерімен белсенді операцияларға лимиттерді белгілеу туралы;
3. «Қазпочта» АҚ Жалғыз акционерінің «Қазпочта» АҚ және оның лауазымдық тұлғаларының әрекеттеріне жүгінулері және 2018 жыл бойынша оларды қарастыру қорытындылары туралы ақпарат;
4. «Қазпочта» АҚ АТ аудитінің нәтижелерін қарастыру туралы;
5. «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесіне ұсынылатын есептіліктің тізімі туралы;

6. 2020 жылға «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетінің Жұмыс жоспарын бекіту туралы;
7. Директорлар кеңесінің Комитеттері туралы жаңа редакциядағы ережелерді бекіту туралы.

Сондай-ақ **Комитет мүшелерінің бастамасымен менеджментпен бірлесіп** келесі қосымша сұрақтар қарастырылды:

1. АТ жүйелерінің жұмыс қабілетсіздік тәуекелін, деректерді қолданумен байланысты тәуекелдерді қарастыру туралы;
2. «Қазпочта» АҚ қолма-қол ақшаның қозғалысын басқару жүйесін жетілдіру іс-шаралары туралы;
3. Зейнетақыларды және жәрдемақыларды төлеу үшін ақшаны аудару мерзімдерін өзгерту бойынша өткізілетін жұмыс туралы есепті қарастыру туралы;
4. «Қазпочта» АҚ банкоматтар желісі бойынша егжей-тегжейлі ақпаратты қарастыру туралы;
5. 2019 жылдың 5 наурызынан бастап 2019 жылдың 30 тамызына дейінгі кезеңде «Эрнст энд Янг Казахстан» ЖШС өткізген «Қазпочта» АҚ АТ аудитінің ескертулерін жою бойынша Іс-шаралар жоспарын атқару есебін қарастыру туралы;
6. «Қазпочта» АҚ банкоматтар желісі бойынша егжей-тегжейлі ақпаратты қарастыру туралы;
7. 2019 жылдың 23 қазанындағы «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетінің тапсырмалары бойынша ақпаратты қарастыру туралы:
 - Synergy ITSM ақпараттық жүйесін сатып алуының құнын есептеу және негіздеу;
 - Қызмет көрсетуге сұрауларды және оқиғаларды басқару процесінің мөлдірлігі;
 - Kazpost GMBH процесінің автоматтандырылуы.

2019 жылғы Комитеттің отырыстары:

2019 жылы Аудит және тәуекелдер комитет мүшелерінің және сарапшының отырыстарға қатысу				
№	Т.А.Ә.	Жыл бойы барлығы отырыстар (саны)	Жыл бойы отырыстарға қатысу (саны)	Отырыстарға қатысу (%)
2	Дмитрий Жуков	8	8	100
3	Марк Хьюз	8	8	100
4	Олег Кириухин	8	8	100

Комитеттің төрағасы Дмитрий Жуков сыртқы аудиторлармен, Қоғамның Басқарма мүшелерімен, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің және Комплаенс бақылау қызметінің басшыларымен, сондай-ақ Комитеттің сарапшысымен және Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен кездесулерді тұрақты түрде өткізіп отырды.

2. Аудит және тәуекелдер комитетінің пре-митингтерін өткізу

Корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибесіне сәйкес Аудит және тәуекелдер комитетінің отырысын өткізер алдында Комитет мүшелерінің алдын ала кездесулер (пре-митингтер) өткізілгені жағымды жағдай болып табылады. Нәтижесінде Комитетке ұсынылған барлық сұрақтарды Комитеттің Төрағасы, мүшелері, сарапшысы және Қоғамның Ішкі аудит қызметінің және Комплаенс бақылау қызметінің басшылары аудит процесін мұқият қадағалау және қарастырылып жатқан сұрақтардың әлді және әлсіз жақтарын анықтау мақсатында алдын ала талқылады.

3. Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер комитетінің қызметін бағалау

2018 жылдың 9 ақпанындағы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (№ 01/18 хаттамасы) Директорлар кеңесін, оның комитеттерін және директорларын бағалау сұрақтарын реттейтін «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің, оның Комитеттерінің, Төрағасының, Директорлар кеңес мүшелерінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау ережелері бекітілді. Бағалау Директорлар кеңесінің және оның мүшелерінің әрбіреуінің Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына үлесті анықтауға, сондай-ақ жетілдірулер үшін бағыттарды белгілеуге және іс-шараларды ұсынуға мүмкіндік береді. «Қазпочта» АҚ корпоративтік басқару кодексі Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен құрылымданған процесінің аясында жыл сайынғы бағалауды өткізуін қарастырады. Осы жағдайда үш жылда бір реттен сирек емес бағалау тәуелсіз кәсіби ұйымның қатысуымен өткізіледі.

2019 жылдың 24 қазанында Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанына дейін «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесінің Комитеттерінің, Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің және Корпоративтік хатшысының қызметін өзін-өзі бағалауды өткізу шешімі қабылданды. Өзін-өзі бағалау нәтижелері 2020 жылдың 11 ақпанындағы Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында қарастырылатын болады. Өзін-өзі бағалаудың қорытындылары бойынша Комитет мүшелерінің дамыту бойынша іс-шаралар жоспары қабылданатын болады.

4. Қорытынды

2019 жылдың ішінде Комитет туралы ережелерге, сондай-ақ 2019 жылға Комитеттің жұмыс жоспарына сәйкес мақсаттар, тапсырмалар және функционалдық міндеттер толыққанды орындалды. Комитет бақылау ортасында түбегейлі рөлді атқарады және Қоғамның стратегиялық мақсаттарына жетуіне нақты үлес қосуда.

Комитет өзінің отырыстарының күн тәртібіндегі барлық сұрақтарды егжей-тегжейлі қарастырды, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған салмақталған және тыңғылықты ұсыныстарды берді.

Комитеттің жұмысы Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысының тиімділігін артыруына және Қоғамның корпоративтік басқаруына қатысты Жалғыз акционердің болжалдарына жауап беретінін атап өткен жөн.